Бюджеттік сұранымды
жасау, ұсыну, қарау
қағидаларына
2-қосымша

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы
«Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ
2026-2028 жылдарға

1. **Жетекшілік ететін саладағы/аядағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары**: Қала тұрғындарының мәдени бос уақытын қамтамасыз ету саласындағы, театр және музыка өнері саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста; кітапхана оқырмандарының рухани сұранысын қанағаттандыру, өздігінен білім алуды жетілдіру және кітапты пайдалануды жаңғырту;

2. **Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің нормативтік-құқықтық негізі**:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының заңдары;
- Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері; Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Бюджет кодексі (32-тарау, 168-бап, 8-тармақ);

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 «Мәдениет туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі «Бюджеттік өтінімді жасау, ұсыну, қарау қағидаларын бекіту туралы» № 185 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автокөліктермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және техникасымен, мемлекеттік органдар аппаратын орналастыруға арналған алаңдармен, кеңсе тауарларымен және өзге де шығыс материалдарымен қамтамасыз етудің натуралдық нормаларын бекіту туралы» № 201 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 16 наурыздағы «Ақпараттандыру саласында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстарды есептеуді жасау, ұсыну және қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» №274 бұйрығы;

«2026–2030 жылдарға арналған Астана қаласының даму жоспары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №351/47-VIII шешімі;

«2026–2028 жылдарға арналған Астана қаласының бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № 352/47-VIII шешімі.

Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №352/47-VIII «2026–2028 жылдарға арналған Астана қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы мәслихатының 2026 жылғы 11 қыркүйегіндегі № 467/59-VIII шешімі.

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялары, өкілеттіктері мен құзыреттері туралы мәліметтер:

Міндеттері: - Астана қаласында мәдениет және шығармашылық салалардағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

- Астана қаласында Қазақстан Республикасы халықтарының мәдениетін жаңғыртуға, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шараларды қабылдау;

- азаматтарды ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарымен таныстыру арқылы оларға патриоттық және эстетикалық тәрбие беру үшін жағдай жасау;

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау;

- Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік тепе-теңдік стандарттарын сақтау;

Функциялары: - Астана қаласының әкімдігіне елордада театр, музыка, цирк және кино, мәдени-демалыс, халық шығармашылығы, кітапхана және мұражай ісі саласындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

- астанадағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарының театр, цирк, музыка және кино өнерін, мәдени-тынығу қызметін, халық шығармашылығын, кітапхана және мұражай ісін дамытудағы қызметін қолдау және үйлестіру, астананың мәдениет мекемелерінің қызметін қолдау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

- тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жұртшылықтың кинематографиялық туындыларға қол жеткізуі үшін жағдай жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

- астаналық деңгейде әсерлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;

- әлеуметтік маңызы бар мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;

- дарынды жастарды және болашағы зор шығармашылық топтарды анықтауға және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

- астанадағы мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу және ақпарат, сондай-ақ белгіленген үлгідегі статистикалық есептерді ұсыну;

- Астана қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия құру;

- тарихи-мәдени мұраны сақтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, тарихи, ұлттық және мәдени салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың дамуына ықпал ету;

- Мәдени құндылықтарды уақытша әкету бойынша сараптама комиссиясын құру және оның Ережесін бекіту;

- Елорданың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау, қалпына келтіру және пайдалану, елдегі көрнекті мәдениет қайраткерлерінің есімін мәңгі қалдыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

- тиісті аумақтардың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларына жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу, сақтау, зерттеу және ғылыми реставрациялау жұмыстарын, сондай-ақ археологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қоса алғанда;

- тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйін бақылауды қамтамасыз ету;

- Елордадағы тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми реставрациялау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

- Тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері мен пайдаланушыларының консервациялау туралы бұйрықтарды әзірлеу және шығару, олардың орындалуын бақылау;

- тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы бойынша жергілікті тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыру және оны Өлкетану және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығару;

- мәдени құндылықтарды уақытша тану туралы куәлік беру;

- мемориалдық тақталарды орнату;

- астананың бас жоспарларына тарихи – сәулеттік - анықтамалық жоспарларды енгізу;

- астананың тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіруге жоспарланған ғылыми және жобалық құжаттаманы қарау және келісу;

- тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану және тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы бойынша оларды Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқарманың қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды өткізу;

- терроризмнің алдын алу, терроризмге ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, терроризмге осал сеніп тапсырылған және ведомстволық бағыныстағы объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризмнің салдарын барынша азайту және/немесе жою, осы шаралардың орындалуын бақылау жөніндегі шараларды әзірлеу;

- Терроризмге осал нысандардың жай-күйін зерделеу, проблемаларды талдау және антитеррорлық қауіпсіздікті жақсарту бойынша шараларды әзірлеу.

4. Жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесі: Жоқ

5. Функцияларды, өкілеттіктерді, құзыреттерді іске асыруға жоспарланатын шығыстар көлемдерінің қысқаша сипаттамасын немесе

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары:

1) Жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарының жалпы сомасы:

мың теңге

Факт 2024 жыл	2025 жылғы есепті кезең		Жоспарлы кезең		
	Бекітілген	Нақтыланған	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5	6
20 508 053,7	19 018 793	20 511 855	17 169 266	12 214 872	12 291 699
соның ішінде:					
республикалық бюджеттен трансферттер есебінен – 3 114	4 203	37 01	0	0	0
жергілікті бюджет қаражаты есебінен – 20 204 939,7	19 014 590	20 508 154	17 169 266	12 214 872	12 291 699

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің 2026 жылға арналған шығыстарының жалпы сомасы **17 503 563,0 мың теңгені** құрайды.

Мемлекеттік мекеменің басшысы _____ **Ж. Мейірманқұлов**

Экономикалық жоспарлау және
құқықтық қамтамасыз ету бөлімі _____ **А. Сеитова**